www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaġynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaġy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyġynyń iegeri
№16 /sársenbi/ 24 sáýir 2024 ж.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЫЛ 29 ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛАДЫ

Түркістан облысында «Жайлы мектеп» Ұлттық пилоттық жобасын іске асыру шеңберінде 2023-2025 жылдары жобалық қуаттылығы 49 мың орындық 63 мектеп салу жоспарланған. Атап айтсақ, 300 орындық 11 мектеп, 600 орындық 25 мектеп, 900 орындық 15 мектеп, 1200 орындық 6 мектеп; 1500 орындық 4 мектеп, 2000 орындық 2 мектеп салынуда. 2024 жылы пайдалануға берілетін 29 мектептің құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізетін мердігер және жобалаушы мекемелер «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ы арқылы анықталған. Аталған 29 мектептің 19-ы биыл қыркүйек айында, қалған 10-ы желтоқсан айында пайдалануға беріледі деп күтіліп отыр.

Түркістан облысы әкімі аппаратының апталық мәжілісінде осы мектептердің құрылысын сапалы жүргізу, білікті педагогтармен қамту мәселесі талқыланды. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды жауапты басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне жұмысты жүйелі атқаруды тапсырды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынатын мектептерге жергілікті өндірушілердің жиһаздары қолданылуы керектігін ескертті. Сонымен бірге мектептерді білікті кадрлармен қамтуды міндеттеді.

— «Жайлы мектептер» толық инженерлік инфрақұрылыммен қамтылуы тиіс. Мектеп құрылыстарына апта сайын мониторинг жасауды тапсырамын. Екіншіден, мектептерді жабдықтауға жергілікті жи»аз зауыттарының өнімдері қолданылсын. Осы мәселені реттеңіздер. Ең бастысы, ол мектептерді білікті ұстаздармен, іскер директорлармен қамту жұмысын назарда ұстаңыздар. Қазірден кадрлар жасақталуы қажет, — деді Дархан Сатыбалды.

Мәжілісте Түркістан облысының құрылыс басқармасының басшысы Тоқтар Усубалиев пен білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жандос Маханбетовтың осы бағыттардағы есептері тыңдалды

Қазіргі таңда, 2024 жылы пайдалануға берілетін 29 мектепті талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы арқылы жоғары жылдамдықты интернетпен қамту үшін «Қазақтелеком» АҚ мен «Транстелеком» АҚ операторларымен техникалық шарттары алынды. Жоспарлы жұмыс 2024 жылғы 1 тамызға дейін толық іске асырылады. Ал 2025 жылы пайдалануға берілетін 34 мектептің құрылысын іске асыру жоспарына сәйкес, жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету 2025 жылғы 1 тамызға жоспарланған.

Тиісті ұсыныстар беріліп, 2024 жылы пайдалануға берілетін 29 мектепті ұстап тұруға, яғни, қосымша ашылатын штат бірліктеріне айлық жалақы, коммуналдық қызмет төлемдері үшін қажетті жобамен 2,9 млрд. теңге қаржыға қолдау білдірілді. Аталған қаржы биыл қыркүйек айында бөлінбек.

Сондай-ақ «Жайлы мектеп» Ұлттық пилоттық жобасы аясында пайдалануға берілетін мектептерді алдағы 3 жылда, яғни, 2025-2027 ұстап тұруға қажетті қаржы көлемі облыстық білім басқармасы тарапынан есептелуде.

Арайлым ӘБСАҒАТ.

Бақтықожа ІЗМҰХАМБЕТОВ, *ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты*

“АЙБЫН” ОРДЕНІНІҢ ДӘРЕЖЕЛЕРІНЕ ҮШ БАТЫРДЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛЕДІ

ҚР Парламентінің Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бірінші оқылымда қабылданды. Осы заңның негізінде «Айбын» орденінің үш дәрежесі қазақтың үш батырының атымен аталатын болады.

«Адал адам — адал еңбек — адал табыс» тақырыбында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың берген тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің бірқатар депутаттары (Е.Т.Жаңбыршин, Н.Б.Жүсіп, А.С.Құспан, Г.Т.Сарыбаев, Б.С.Ізмұхамбетов) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына бастамашылық етті.

Нақтылап кетсек:

Сагадат Нұрмағамбетов — *Кеңес Одағының Батыры (1945), Қазақстан Республикасының бірінші Қорғаныс министрі (1992—1995), Халық Қаһарманы (1994), Қазақстан Республикасы армиясының генералы (1993).*

Бауыржан Момышұлы — *Қызыл армия командирі, панфиловшы, полковник (1943), Кеңес Одағының Батыры (бұл атақ 1990 ж., қайтыс болғаннан кейін берілді).*

Рахымжан Қошқарбаев — *Қызыл армия офицері, Рейхстаг баспалдағында жеңіс туын алғашқылардың бірі болып көтерді, Халық Қаһарманы (1999).*

Депутаттардың мұндай бастамасына тарихи әділеттілік орнату және айбынды жауынгерлеріміздің ерлігін еске алу негіз болды. Біздің сайыпқыран ерлеріміздің, Отан қорғаушыларымыздың есімдерін берудегі таңдап алынған кезектілік олардың даңқты жауынгерлік ерліктеріне байланысты.

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ОТБАСЫЛАРҒА 150 АЕК-КЕ ДЕЙІН ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында төтенше жағдайлар вице-министрі Бауыржан Сыздықовтың, батыс өңірлердің, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының әкімдерінің су тасқынына қарсы іс-шаралар туралы баяндамалары тыңдалды.

Үкімет басшысы атап өткендей, елімізде су тасқыны жағдайы біртіндеп тұрақталып келеді. Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарында қауіптің беті қайтты. те күрделі ахуал қалыптасқан Петропавл және Құлсары қалаларында су тартыла бастады.

Жұмыс уақытында ТЖ аймақтарынан барлығы 119 мыңнан астам адам қауіпсіз аймаққа көшірілді. Бүгінде Үкіметте, Төтенше жағдайлар министрлігінде, өңірлерде жедел штабтар тәулік бойы жұмыс істеуде. Проблемалардың барлығы жергілікті жерлерде жедел қаралып, шұғыл шешімдер қабылдануда.

Үкімет басшысы Министрлер Кабинетінің назарын су тасқыны кезінде зардап шеккендерге келтірілген шығындарды өтеу жұмыстарына аударды. Қазіргі уақытта 11 мыңға жуық отбасы 100 АЕК мөлшерінде төлем алды.

«Зардап шеккендерге келтірілген шығындарды өтеу тәртібіне түзетулер бекітілді. Кеше мен тиісті қаулыға қой қойдым. 100 айлық есептік көрсеткішке тағы 150 АЕК-ке дейін өтемақы төлейтін боламыз. Оған адамдар тоңазытқыш, үстел, орындықтар, ыдыс-аяқ, киімкешек сияқты жоғалған бірінші кезектегі қажетті заттарды сатып ала алады. Азаматтарға айтатыным, сабырлық сақтаныңыздар. Ешкім де көмексіз қалмайды Бұл мәселелердің барлығы Президенттің және менің жеке бақылауымда. Сондықтан біз осы сынақтан абыроймен өтеміз деп білемін», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ кәсіпкерлердің шығындары өтеледі.

Сонымен қатар Премьер-Министр кейбір өңірлерде су басу қаупі әлі де сейілмегенін атап өтті. зендерде су деңгейінің көтерілу фактілері тіркелуде.

Осыған байланысты Төтенше жағдайлар министрлігіне әкімдіктермен бірге су тасқынына байланысты жағдайға бақылауды күшейтуді жалғастыру және және қажет болған жағдайда шұғыл әрекет етіп, халықты көшіруді қамтамасыз ету тапсырылды. Экология министрлігі су объектілері мен өзендерде гидробекеттер санын ұлғайтуы қажет.

« ңір әкімдіктері су басқан үйлерді, гимараттар мен нысандарды тез арада техникалық тексеруді аяқтасын. Су кеткен жерлерде көпке созбай, тасқыннан кейінгі тазарту, дезинфекциялау және қалпына келтіру жұмыстарын бастау қажет», – деп атап өтті Премьер-Министр.

неркәсіп және құрылыс министрлігіне тұрғын үйлерді, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды қалпына келтіру бойынша жергілікті жерлердегі барлық жұмыстарды үйлестіру үшін жедел топ құру тапсырылды.

«Құрылыс және жөндеу жұмыстарының нақты жоспары қажет. Бұл жағдай бізге инфрақұрылымды жаңартуға, елді-мекендерді көріктендіруге жаңаша көзқарасты қалыптастырады. Оның үстіне Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша “Таза Қазақстан” ауқымды акциясы басталды. Баршаңызға Президенттің сөзін естеріңізге салғым келеді, бұл бір реттік акция немесе науқан емес, тұрақты жұмысқа айналуы керек. Бұл елді-мекендерді көріктендіруге қатысты жаңаша көзқарас қалыптастырады», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Primeminister.kz

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫН ОНЛАЙН БАҚЫЛАЙ АЛАДЫ

gov.kz сайтында су тасқынына қарсы іс-шаралар орындарынан онлайн трансляция қолжетімді болды. Sergek VMS кешенді бейнебақылау жүйесінің арқасында қазақстандықтар нақты уақыт режимінде Атырау облысы мен Атырау, Орал, Қостанай қалаларындағы жағдайды бақылай алады.

Бөгеттер, бекіністер салу бойынша нақты уақыттағы жұмыстардың барысы туралы барлық жағдайды бейнебақылау камералары арқылы бақылауға болады. Бұл жедел әрекет етуге және маңызды шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

«Еліміз үшін осындай қиын кезеңде біз де өз тарапымыздан су тасқынына қарсы шараларға өз үлесімізді қосып жатырмыз. Енді әрбір азамат онлайн-трансляция арқылы Орал, Атырау, Қостанай қалаларындағы су тасқынына дайындық бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды тексере алады. Үлкен суға дайындық бойынша атқарылып жатқан жұмыстар үшін белсенді азаматтарға, компанияларға, төтенше жағдайлар қызметі мен әскімдік қызметкерлеріне алғыс білдіреміз», - деді Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрі Багдат Мусин.

Қазіргі уақытта gov.kz порталына Атырау қаласы мен Атырау облысы бойынша 22 камерадан, Орал қаласы бойынша 6 камерадан және Қостанай қаласындағы 6 камерадан бейне ағындар шығарылған. Sergek Group мамандары онлайн түрде хабар таратуды Sergek аппараттық-бағдарламалық жүйелері жұмыс істейтін басқа қалаларда іске асыруға дайын.

"Біздің компания пандемия, Қаңтар, Абай облысындағы өрт кезінде қол ұшын берген. Бұл жолы да шетте қала алмады. Табиғи апат туралы білгеннен кейін бірден: біз қалай көмектесе аламыз деген сұрақ туындады. Қазіргі уақытта ТЖ жедел штабтарында және зардап шеккен елді мекендерде біздің 14 қызметкер жұмыс істеуде. Олардың барлығы өзен арнасының өзгеруін және су ағынының келуін бақылау үшін бейне мониторинг жүйесінің мүлтіксіз жұмысын қамтамасыз етуде", - деді Sergek Group бас директоры Әсет Ахметов.

Ол сондай-ақ Sergek Group мамандары су тасқыны басталғаннан бері зардап шеккен елді мекендерде барынша көмек көрсетіп жүргенін атап өтті. Компания Freedom Telecom және ҚР ЦДИА М-мен бірлесіп олар Индер ауданы-

ның Индер кентінде, Махамбет ауданының бірнеше ауылдарында, Дамба кентінде және Атырау қаласының Заросльй шағын ауданында қашықтан мониторинг жүргізу үшін камералар орнатты, сондай-ақ қажет болған жерде сапалы интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етті.

Су тасқынына қарсы іс-шаралар өткізілетін орындардан Онлайн трансляция GOV.KZ (орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар) сайтында осы сілтеме бойынша көрсетіледі: https://www.gov.kz/page/9184?lang=ru

Ақпарат үшін:

Sergek Video Management System (Sergek VMS) - қоғамдық қауіпсіздік камераларынан бейне ағындарды сақтау және олармен жұмыс істеу жүйесі. Ол қала көшелері мен аулаларында, қоғамдық орындарда, білім беру ұйымдарында, сондай-ақ әуежайларда, вокзалдарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған. Осы жүйенің көмегімен ішкі істер органдарының қызметкерлері әртүрлі жағдайларды бақылап, уақтылы әрекет ете алады.

Астана.

ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНА АРНАЛҒАН КИІМ ҮЛГІСІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Ұлттық құрамасының Париж Олимпиадасына арналған киім үлгілеріне конкурс аяқталып, комиссия мүшелерінің шешімі бойынша 3 номинацияда 2 жеңімпаз белгілі болды: «Спорттық форма» номинациясы — Health&-Sport ЖК; «Салтанатты спорттық форма» - ЖШС «Эксклюзив студио»; «Ту ұстаушылардың спорттық формасы» - ЖШС «Эксклюзив студио».

Бірінші кезеңде 15 қатысушы жұмыс материалдарын 15 сәуірге дейін жіберген болатын. Екінші кезеңде 16-17 сәуір күндері ұсынылған жұмыс материалдарын арнайы комиссия қарады.

Жұмыс тобының қатарында 18 адамнан құралған Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитеті, ҚР Ұлттық Олимпиада комитеті, Қазақстан спортшылары одағының өкілдері, белгілі спортшыларымыз бен БАҚ қызметкерлері болды. Бұл құрамда Елдос Сметов, Азамат Дәулетбеков, Жәмилә Бақбергенова, Ольга Рыпакова, Әбиба Абужақынова, Анна Алябьева, Нұрбек Оралбай, Нұрсұлтан Тұрсынов сынды спортшылар да бар.

Ұсынылған материалдарда қоғам тарапынан айтылған сындар да ескерілді. Спорттық киімдердің сапасы талапқа сай жоғары.

«Айғақ»-ақпарат.

ҚАЗГИДРОМЕТ МАМЫР АЙЫНА АРНАЛҒАН ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ БОЛЖАМЫН ШЫҒАРДЫ

Жалпы, 2024 жылғы мамырда негізгі астық егетін өңірлерде ылғалдандыру нормаға жақын және одан жоғары болады деп күтілуде.

«Қызылорда облысының Қармақшы ауданында атмосфералық құрғақшылық күтілуде, мұнда жауын-шашын тапшылығы мен жоғары температура болжануда. Мамыр айында Қостанай облысының Қарасу ауданында, Батыс Қазақстан облысының Бөрлі, Сырым және Қаратөбе аудандарында, Павлодар облысының Ертіс және Успен аудандарында және Павлодар қаласында өте ылғалды болады деп күтілуде», - деді «Қазгидромет» РМК баспасөз хатшысы Алина Исмағұлова ОКҚ алаңында өткен брифингте.

Елдің қалған аумағында ылғалдану жағдайлары қалыпты және қалыпты ылғалды болады деп күтілуде.

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР КӨМЕК АЛУҒА ӨТІНІШТІ СМАРТФОН АРҚЫЛЫ БЕРЕ АЛАДЫ

Ақмола облысында су тасқынынан зардап шеккендерге eGov Mobile қосымшасы арқылы көмек алуға өтінім беру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Жаңа функционалды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп әзірледі.

тінім беру үшін мобильді қосымшаға кіріп, басты бетте "Су тасқынынан зардап шеккендер бойынша жаңа сауалнама" қызметін табу қажет. Ашылған терезеде зардап шеккендер туралы барлық қажетті деректер мен ақпаратты, соның ішінде банктік шотты, байланыс телефонын, оқиғаның мекенжайын, уақытша тұрғын үй мен зардап шеккен мүліктің болуын немесе болмауын, келтірілген залалдың сипаттамасын көрсету қажет. Барлық деректерді толтырғаннан кейін сауалнамаға ЭЦҚ көмегімен қол қою қажет.

Елорда.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙДЫ ТУРИЗМ БАҒЫТЫМЕН ҮЙЛЕСТІРЕ ДАМЫТУ ҰСЫНЫЛДЫ

Облыс әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен Түркістандағы халықаралық әуежайды дамыту, әлеуетін көтеру жөнінде жиналыс өтті. Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов пен әуежайға жауапты өкілдердің есептері, жоспарлары тыңдалды.

Облыс әкімі әуежайдың даму жоспарын туризммен үйлестіру керектігін айтты. Қазіргі көрсеткіштерге көңілі толмайтынын жеткізді.

«Әзірет Сұлтан» халықаралық әуежайы 4 халықаралық (Ыстамбұл, Эль-Кувейт, Абу-Даби, Самарқан) және 6 республикаішілік (Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Орал, Қостанай) әуе бағыттарына қызмет көрсетуде. Рейстерді «Turkish Airlines», «Jazeera Airways», «Wizz Air Abu Dhabi», «Fly Arystan», «Scat», «Qazaq Air» әуекомпаниялары орындайды. Әуежай аптасына 32 рейсті қабылдайды.

ЖАМБЫ АТУДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Биыл тұңғыш рет ұйымдастырылған жамбы атудан ересектер арасындағы Азия чемпионаты Шымкент қаласында өтті. 14-19 сәуір күндері 14 мемлекеттен келген 60 мерген үшінші мегаполисте ұлттық спорттан бақ сынады. Олар Индонезия, Кувейт, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Оман, збекстан, Пәкістан, Ресей, Сауд Арабиясы, Сирия, Тайвань, Таиланд және Қазақстан мемлекетінің спортшылары.

Сары құрлықтан жиналған спортшылар дүбірлі додада «Мажар», «Корей», «Түркі» және «Қазақ» стильдері бойынша сынға түсті.

Жарыс қорытындысы:

«Мажар» стилі бойынша 1-орын: Сауд Арабиясының спортшысы Hisham Ali R Al-Tamimi

«Корей» стилі бойынша 1-орын: Сауд Арабиясының спортшысы Hisham Ali R Al-Tamimi

«Түркі» стилі бойынша 1-орын: Қазақстанның спортшысы Батыр Бексауыт

«Жамбы» стилі бойынша 1-орын: Сауд Арабиясының спортшысы Hisham Ali R Al-Tamimi

Чемпионатта 1-орын иеленген әр спортшыға 500 000 теңге көлемінде қаржылай сыйақы табысталды. Ал, екінші орын алғандар 300 000 теңге алса, үшінші орынға жайғасқандарға 200 000 теңге берілді.

ЕГІС АЛҚАБЫНАН 86 МЫҢ ТОННА ӨНІМ ЖИНАЛАДЫ

Шымкент қаласында көктемгі егіс жұмыстары басталып кетті. Биыл жалпы көлемі 26,5 мың гектарға егіс егіледі. Бүгінгі таңда жоспардың 75 пайызға жуығы орындалды. 10 мыңнан астам гектарға дәнді дақыл, 8,6 гектарға малазықтық, ал қалған аумаққа майлы дақыл, картоп пен көкөніс тұқымы себілді.

Сонымен қатар, алдағы күндері бақша мен майлы дақылдар егіледі. Жалпы бұл егіс алқабынан 86 мың тонна өнім жиналады деп күтіледі.

німділікті арттыру мақсатында егін шауашылығы саласын мемлекеттік қолдауға жергілікті бюджеттен 143 млн 226 мың теңге қаржы қаралған. Оның ішінде 122 млн 146 мың теңгесі минералды тыңайтқыштардың құнын субсидиялауға, 20 млн 480 мыңы тұқым шаруашылығын дамытуға, ал 600 мыңы пестицид пен биоагенттердің құнын субсидиялауға бағытталған.

Сонымен қатар, субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бөлінген 36 тонна жеңілдетілген жанар-жағармайға 1 870 гектар егіс алаңын құрайтын 5 шаруа қожалықтың өтінімі қабылданды.

Шымкент қаласы бойынша көктемгі егіс жұмыстарына бөлінген жеңілдетілген жанар-жағармайды таратушы оператор анықталып, «ҚазМұнайГаз» ҰК арасындағы тиісті шарт жасалды. Қазір бекітілген кестеге сәйкес ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне үлестірілу жұмыстары жүріп жатыр.

ДИАБЕТТІК ТАБАН СИНДРОМЫНА ШАЛДЫҚҚАН НАУҚАСТАРҒА ТІЛІКСІЗ ОТА ЖАСАЛДЫ

Медицина орнында тұрған жоқ. Күннен күнге қарыштап дамуда. Біздің елімізде де көштен қалмай бұл салада көп жетістіктерге қол жеткізуде. Мемлекеттің қаржыландыруының арқасында мамандар шет елдердегі әріптестерімен тәжірибе алмасып, біліктілік арттырса, соңғы үлгідегі медициналық құралдар емханалар мен ауруханалар толығымен жабдықталуда. Нәтижесінде бұрынғы күрделі жасалатын оталар жеңілдеп, емделмейді деген дертке дауа табылуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Медицина саласына қомақты қаржы құю керек.

Бұл қаражат инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалуға тиіс.

Фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажет.

Вируспен күрес кезінде дәл осы сала еліміздің бәсекеге қабілеті мен қауіпсіздігі үшін маңызды екеніне көзіміз жетті. Сондықтан, медицина өнімдерін Зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруымыз керек. Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандырған жөн. Инвесторларды тартып, озық технологияны және осы саладағы жаңа зерттеу жұмыстарын игеруді қолға алу керек. Отандық тауар өндірушілермен жасалатын оффтейк келісім шарттарының көлемін арттырып, өнім түрін көбейту қажет», деп медицина саласында бірқатар тапсырмалар жүктеген болатын.

Президенттің осы және де медицина саласындағы өзге тапсырмалары Шымкент қаласында да қарқынды жүзеге асуда. Оған дәлел бүгінде әлеуметтік аурулардың қатарына жатқызылған қан диабеті дертін емдеуді көптеген инновациялық әдістер қолданылуда. Мәселен, қант диабеті асқынған науқастарға шұғыл хирургиялық көмек көрсету үшін қалалық №2 аурухана базасында диабеттік табан бөлімшесі ашылған.

Аурухана дәрігерлері диабеттік табан синдромымен келген пациенттің аяқ ампутациясын алдын алу мақсатында эндоваскулалы баллонды ангиопластика, ягни стенттеу отасын жасайды. Тіліксіз ота арқылы науқастың аягын аман алып қалуға болады.

Операция кезінде хирургтар катетерді артерияға енгізу арқылы тамыр қабырғаларын баллонмен кеңейтіп, стент орнатып береді.

Мұндай әдіс қан агымын жақсартып, жараның жазылуына жақсы ықпал етеді. Сәйкесінше қант диабетімен ауыратын науқастардың өмір сапасын жақсартады.

Қант диабеті — зат алмасу, әсіресе көмірсу алмасу бұзылуымен сипатталатын эндокриндік жүйе сырқаты. Инсулин жетіспеушілігінен диабетпен ауратын адамдардың қан құрамында жоғары глюкоза шоғырланған.

Инсулинге тәуелді диабет жиі вирус індеті, аутоиммундық сырқаттар, күйзеліс жағдайлары нәтижесінде қалыптасады. Инсулинге тәуелді диабеттің дамуына негізінен семіздік, жүріс-тұрысы аз өмір салты және дұрыс тамақтандау әкеліп соғады. Қант диабетінің басты себебі - генетикалық бейімділік. Сонымен қатар, оған себеп болуы мүмкін: дененің артық салмағы; ұйқы безінің аурулары; аутоиммундық бұзылулар; қантамыр жүйесінің аурулары; жүйке күйзелісі; жарақаттар, вирустық індет; егде жас; гормондық бұзылулар.

Қант диабетінің симптомдары:

Алғашқы белгілер. Әдетте ерлер мен әйелдерде қант диабеті білдіртпей, ақырындап дамиды, сол себепті бастапқы кезеңде симптомдарды анықтау өте қиын. Анық диагностикаға тиісті талдамалар тапсыру қажет, қан құрамындағы глюкоза нормасы 1литрге 3,5- 6, 5 ммоль.

Егер сіз айтылған көрсетілген бастапқы белгілердің бірнешеуін өзіңізде аңғарсаңыз дәрігерге жүгіну керек немесе өзіңіз қан құрамындағы қант деңгейін тексеруіңіз қажет.

МЕГАПОЛИСТЕ БІРҚАТАР ДЕМАЛЫС АЙМАҚТАРЫ АШЫЛАДЫ

Бүгінде қала аумағын абаттандыру, көгалдандыру мәселелері өзекті болып отыр. Себебі, бұл бағыттағы жұмыстар халықтың қолайлы өмір сүруіне тікелей әсер етеді. Сондықтан, қаланың микроклиматын қалыптастыру маңызды міндеттердің біріне айналды.

Қала әкімдігі тарапынан нысандарды көгалдандыру, аумақтарды абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Демалыс күндері мегаполис басшысы Ғабит Сыздықбеков Желтоқсан көшесіндегі гүлзардың құрылысын тексерді. Қала әкімі абаттандыру жұмыстары мен қолданылатын материалдардың сапасына ерекше назар аударады. Қазір мұнда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Мамыр айының соңына дейін пайдалануға берілетін жаңа демалыс аймағының ауданы шамамен төрт мың шаршы метрді құрайды. Құрылыс барысында жұмысшылар жаяу жүргіншілер жолдарын төсеп, жаңа қоршаулар орнатады. Сонымен қатар, орындықтар, шағын архитектуралық пішіндер, урналар мен жарықшам жүйелері қойылады. Соңғы кезеңде саябақ көгалдандырылатын болады.

Сонымен қатар, Ғабит Сыздықбековтің тапсырмасы бойынша Еңбекші ауданында тағы бір саябақ салынады. Серуендеу аймағы Жібек жолы мен Сайрам көшелерінің қиылысында бой көтереді. Бүгінде мұнда заңсыз нысандарды бұзу және қоқыстарды шығару жұмыстары жүргізілуде.

Демалыс орындарының жоспарында тұрғындардың пікірі ескеріледі. Мысалы, өткен жылы Әл-Фараби ауданының тұрғындарымен кездесуде жергілікті азаматтар бұрынғы "Спутник" дүкенінің жанында сквер салу туралы мәселе көтерген болатын

Қала әкімі азаматтардың өтінішін ескере отырып, оны қалпына келтіру туралы шешім қабылдады. Сквердi қайта құруға бюджет қаражаты жұмсалған жоқ. Жұмыстар демеушілік еткен жергілікті кәсіпкерлердің есебінен жасалды.

Ел игілігіне берілетін екі жаңа алаң да бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылатын болады.

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков Спорт шағын ауданынан дендросаябаққа дейінгі аралықтағы балалар теміржолының қазіргі жағдайымен танысты. Бұған дейін жергілікті халық бұл нысанның жылдар бойы тоқтап қалу мәселесін бірнеше рет көтерген болатын. Ескере кететіні, бүгінде тар табанды темір жол желісін қайта құру қыруар қаражатты қажет етеді. Себебі, қазір нарықта тар жолдарға арналған локомотивтер мен вагондар өндірілмейді.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай композицияның тапсырысы көп уақытты алады, ал құны тым қымбатқа түседі. Сонымен қатар, теміржолдың біраз бөлігі тұрғын үйлерге жақын орналасқан. Жолдың екі жағынан тиісті қауіпсіздік арақашықтық сақталмағандықтан, бұл аумақтар адам өміріне қауіп төндіреді. Жағдайды жан-жақты зерделеп, Аргынбеков-Бәйдібек би жол айрығын салу кезінде темір жолдың бір бөлігі бұзылғанын ескерген қала басшысы жауаптыларға жаңа жаяу жүргіншілер жолын салудың тұжырымдамасын дайындауды тапсырды.

Жоба аясында жүгіру және велосипед жолдарының ұзындығы ұлғайып, агаштар отырғызылады, көгалдар төселеді, бірнеше воркаут алаңдары салынады. Азаматтардың белсенді демалуына бағытталған бұл жоба бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, шаһарда үш субұрқақ қайта жаңғыртылады. Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков Ордабасы алаңында және Түркістан, Тәшенов көшелерінің қиылысындағы "көл"деп аталып кеткен субұрқақтарды жаңарту бойынша кешенді жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Жаңғырту аясында Әл-Фараби ауданында орналасқан жасанды су айдынын қалпына келтіру жоспарлануда. Қазір оның айналасын абаттандыру жұмыстары басталды. Сонымен қатар, су қоймасының аумағында субұрқақ іске қосылады. Жобада орындықтар, заманауи жарықтандыру шамдары мен көгалдандыру қарастырылған.

Ал Ордабасы алаңында жаңартылған субұрқақтар іске қосылады. Қайта құру барысында жақын маңдағы аумақты жабдықтау жоспарлануда. Бұл шаралар өз кезегінде мәдени нысандарға халықтың көптеп келуіне мүмкіндік береді.

Заманауи талапқа сай жаңартылған демалыс орындары қала тұрғындары мен қонақтары үшін тартымды әрі бос уақытты тиімді өткізуге арналған жайлы орын болады.

Жобалар бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында іске асырылатын болады.

ҚАЛА КӨШЕЛЕРІ ЖАҢАРАДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында қала көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар аялдамалар тазаланып, жол белгілері жаңартылып жатыр.

Гүлдала, Исрайлов, Сыздықов көшелерінде шұңқырлар жамалып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ал Темірлан тас жолы бойындағы су агарлар тазартылып, темір қоршаулар қалпына келтіріледі. Бәйдібек би - Төлеметов көшелерінің қиылысына қосымша жолақ қосылып, Бәйдібек би Зообақ тұсындағы аяқжолдар ретке келтірілуде.

Сонымен қатар Сәтпаев, Жастар, Жеңіс көшелері асфальтталып, Орынбай ақын, Қалдаяқов көшелері бойына жасанды жол кедергілері орнатылды. Ал жөндеуді қажет ететін жол белгілері мен бағдаршамдарға күтіп ұстау жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде қалада жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Қала әкімдігі мегаполис жолдарын заман талабына сай ету үшін бар күш-жігерін жұмылдыруда. Жол-көлік инфрақұрылымын кешенді дамыту жолдардың сапасын арттырып, апатты жағдайлардың азаюына және көшелердегі кептелістерді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Қонаев даңғылының жалғасы 7 кезеңнен тұрады. Қазіргі уақытта жұмыстар аяқталып, 1, 3 және 4-кезеңдері пайдалануға берілді, 2 және 5-кезеңдерін жүзеге асыру бойынша құрылыс жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар, тегенов көшесі ұзартылып, 1,2 кезектері бойынша жұмыстар жүргізілуде. Биыл Қонаев 2-кезеңін, ал тегенов 1,2-кезеңін аяқтау жоспарланып отыр.

Бұл ретте қала әкімдігі қалаішілік жолдарға ғана емес, тұрғындар үшін де, көршілес аудан, қала тұрғындары үшін де маңызды айналма жолдарға да ден қоюда. А-2 айналма жолын қайта жөндеу жұмыстары мегаполис басшысының тікелей бақылауында. Бұл бағыттағы жұмыстар 8 кезеңнен тұрады, оның 1, 2 және 3-і аяқталып, жыл соңына дейін пайдалануға берілді, 4, 7 және 8-кезеңдерін аяқтап, пайдалануға беру жоспарлануда. Ал 5 және 6 келесі жылы қолданысқа беріледі.

Сонымен қатар, Бәйдібек би даңғылындағы көлік қозғалысын оңтайландыру және кептелістерді азайту үшін биыл Алтынсарин көшесін қайта жөндеу жұмыстарын бастау жоспарлануда. Қалада Юсупов, Тамшыбұлақ, Жаңа Қоныс, Ізенді көшелерінде де күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Қалаішілік көшелерді орташа жөндеуден өткізу мақсатында биыл ұзындығы 92,6 шақырымды құрайтын 144 көше жөнделеді.

Шымкент қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес қауіпсіз жол қозғалысын ұйымдастыру мақсатында магистральді және орамішілік көшелерде шұңқырларды жамау жұмыстарын жүргізу, сол арқылы 420 000 шаршы метр аумақты қалпына келтіру жоспарлануда.

Айта кетейік, жөндеу жұмыстары кезінде қаланың 10 көшесінде жол бөлігінің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін қайта өңдеу технологиясы қолданылады. Негізгі 8 көшеге микросерфейсинг технологиясы енгізіледі. Бұл әдіс жұмысты күн суығанда да жүргізуге мүмкіндік береді, жол құрылысы маусымын ұзартады. Сонымен қатар, қаланың орталық көшелеріне «қалқымалы» қақпақтар орнатылады. Бұл көріз қақпақтарының істен шығуына және көлік жүктемесіне байланысты олардың бұзылуына жол бермейді.

Аталған жобаларды жүзеге асырумен қатар, Шымкентте жолдарды күтіп ұстау, жаңғыртуға бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылуда. Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары мен тротуарларға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде, сондай-ақ қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары: жол белгілері, бағдаршамдар орнатылуда.

Жыл соңына дейін қосымша 4 мың жол белгісі, 39 бағдаршам орнатылып, 10 мектеп жанынан трапеция тәрізді жаяу жүргіншілер өткелдері орнатылады деп жоспарлануда. Қала көшелерінің қауіпті учаскелеріне, мектептер мен балабақшалардың маңына 1500 метр жасанды жол кедергілері орнатылады. Жол қиылыстары мен көлік өткізу қабілетін арттыру мақсатында жыл соңына дейін 190 бағдаршам нысанында интеллектуалды көлік жүйесін енгізу жоспарлануда. Жоспар бойынша 2026 жылға қарай қаладағы барлық бағдаршамдар толық интеллектуалды көлік жүйесі ITS-ке қосылады.

Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

СОЗАҚ БАЛЫҚҚА ДЕН ҚОЙДЫ

Балық өсіру бойынша елімізде Түркістан облысы көш бастап тұр. Облыс әкімі Дархан Сатыбалдының өңірде балық шаруашылығын дамыту тапсырмасы аясында Созақ ауданының шаруалары балық шаруашылығымен айналысуды қолға алды. Бүгінде ауданда тауарлы балық шаруашылығымен айналысуға кәсіпкерлердің қызығушылығы күн санап артып келеді. Соның бірі — «Бейбарыс» шаруа қожалығы.

2005 жылы ашылған шаруа қожалығы бұған дейін мал және егін шаруашылығымен айналысып келген. Соның ішінде асыл тұқымды ангус тұқымын өсірген.

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Ақжайық Хаметова Жартытөбе ауылдық округі, Аққолтық елді мекеніне арнайы барып, жеке кәсіпкер Қайрат Байниевтің шаруашылығымен танысты. Кәсіпкер 15 гектар аумаққа балық шаруашылығын дамытуды қолға алып отыр.

Ол мемлекеттік «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2,5 пайызбен 8,5 млн теңге несие алып, былтыр көктем айында өз ісін бастаған. Кәсіпкер өзінің жеке тоғанына 15 мың форель шабақтарын жіберіп, өсіруде. Кәсіп иесі алдағы уақытта өз кәсібін кеңейтуді көздеуде.

Кәсіп иесімен кездескен басқарма басшысының орынбасары балық шаруашылығымен айналысу тиімді кәсіптердің бірі екенін айтып, мемлекет тарапынан қолдаулар болатындығын жеткізді.

Ауданда «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие мен субсидия беру және осы салаға инвесторлар тарту жұмыстары жүргізіліп келеді. Жалпы ауданда «Ауыл аманаты» жобасы аясында балық шаруашылығын дамыту бойынша 7 кәсіпкер 56 млн теңге несие алған. Жалпы биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 232 жоба мақұлданып, 1 млрд. 20 млн. теңге қарастырылып отыр.

Айта кетейік, облыста «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 24 кәсіпкер 168,9 млн теңге жеңілдетілген несие алып, балық өсіру шаруашылықтарын ашқан.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы

ХАБАРЛАНДЫРУ

1.Шымкент қаласы әкімінің аппараты 2024 жылғы 24 мамыр сағат 15:00-де Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №10 (Шымкент қаласы әкімдігі гимаратының 5 қабаты, 501 бөлме) мекенжайында «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-де жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізетіні туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

Лот №1: «Шымкент-Түркістан» шағын автобус бағыты (Түркістан облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

Лот №2: «Шымкент- Қазығұрт» шағын автобус бағыты (Түркістан облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

Лот №3: «Шымкент-Жаңабазар» шағын автобус бағыты (Түркістан облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

Лот №4: «Шымкент-Асықата» автобус бағыты (Түркістан облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

Лот №5: «Шымкент-Жаңатас» шағын автобус бағыты (Жамбыл облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

Лот №6: «Шымкент-Ақтөбе» автобус бағыты (Ақтөбе облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

Лот №7: «Шымкент-Шұбарсу» автобус бағыты (Түркістан облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

Лот №8: «Шымкент-Құрлық» автобус бағыты (Түркістан облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде).

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез-келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №10 (Шымкент қаласы әкімдігі гимаратының 5 қабаты, 508 бөлме) мекенжайына «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-не ұсынуы тиіс (электронды мекенжай: mega.kolik2014@mail.ru).

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2024 жылғы 10 мамыр сағат 1300-ге дейін.

6. 2024 жылғы 29 сәуір сағат 1600-де конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны: Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №10 (Шымкент қаласы әкімдігі гимаратының 5 қабаты, 501 бөлме) мекенжайында «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-де өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондар:

8 (7252) 24-75-22.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа

1. Аппарат акима города Шымкент объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится 24 мая 2024 года в 15:00 часов по адресу: г.Шымкент, проспект Н.Назарбаева №10, кабинет № 501 (5 этаж здании акимата г.Шымкент) «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Шымкент».

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов (маршруты):

Лот №1: Микроавтобусный маршрут «Шымкент-Туркестан» (на паритетной основе с перевозчиком Туркестанской области);

Лот №2: Микроавтобусный маршрут «Шымкент-Казыгурт» (на паритетной основе с перевозчиком Туркестанской области);

Лот №3: Микроавтобусный маршрут «Шымкент-Жанабазар» (на паритетной основе с перевозчиком Туркестанской области);

Лот №4: Автобусный маршрут «Шымкент-Асыката» (на паритетной основе с перевозчиком Туркестанской области);

Лот №5: Микроавтобусный маршрут «Шымкент-Жанатас» (на паритетной основе с перевозчиком Жамбылской области);

Лот №6: Автобусный маршрут «Шымкент-Актобе» (на паритетной основе с перевозчиком Актюбинской области);

Лот №7: Автобусный маршрут «Шымкент-Шубарсу» (на паритетной основе с перевозчиком Туркестанской области);

Лот №8: Автобусный маршрут «Шымкент-Курлык» (на паритетной основе с перевозчиком Туркестанской области);

3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.

4. Желающие принять участие в конкурсе представляют письменную заявку на получение комплекта конкурсных документов в ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог г.Шымкент», по адресу: г.Шымкент, проспект Н.Назарбаева №10, кабинет №508 (5 этаж здании акимата г.Шымкент), (электронный адрес: mega.kolik2014@mail.ru).

5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в Конкурсе: до 1300 часов 10 мая 2024 года.

29 апреля 2024 года в 1600 часов конкурсная Комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса по адресу: г.Шымкент, проспект Н.Назарбаева, №10 кабинет №501 (5 этаж здании акимата г. Шымкент), ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог г.Шымкент».

7. За справками обращаться по телефону:

8 (7252) 24-75-22.

ҚЫРЫҚҚАБАТТЫҢ АЛҒАШҚЫ ӨНІМІ ЭКСПОРТТАЛУДА

Жетісай ауданы негізгі табысын ауыл шаруашылығы саласы құрайтын аграрлы аймақ. Ерте көктемнен бастап тыныс тіршілігі қайнап жататын өңірде шаруалар үшін еткен бейнеті ақталып, қырманның берекелі болуы бірінші орында.

Ж.Ералиев ауылдық округіндегі «Мырза ата» шаруа қожалығы қырыққабаттың алғашқы өнімін көршілес Ресей еліне экспорттауды бастады. Қожалық төрағасы Әбдіжаппар Мырзаев соңғы бірнеше жылдан бері 60 күнде пісіп жетілетін қырыққабаттың макако сортын егіп келеді. німділік те жақсы, бағасы да жоғары. Мейрамханалар мен дәмханаларда сұранысқа ие. Қазірдің өзінде егістік басынан келісі 175 теңгеден сатылуда.

Жетісай аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастар бөлімінің басшысы Нұртас Тұрсынбековтың айтуынша, Жетісай ауданында биыл 1200 гектар аумаққа ерте пісетін қырыққабат егіліп, болжам бойынша 36 мың тонна өнім алу жоспарлануда. Егілген өнімнің басым бөлігі «Зарисма», «Валикор», «Магнус», «Кевин Фарао», «Ринда», «Заказ», «Макако» сорттары. Былтыр аудан диқандары 1,2 мың гектар жерге қырыққабат дақылын егіп, 41 мың тонна өнім өндірген. Негізінен ерте пісетін қырыққабат өнімінің басым бөлігі Ресей, Белоруссия және Еуропа елдеріне экспортталған.

Айта кетейік, биыл ауданда 79,2 мың гектар аумаққа ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылады. Оның ішінде 42 мың гектарға мақта, 19 мың гектар алқапқа бақша, 3,5 мың гектар жерге көкөніс пен 14 мың гектарға мал азық дақылдарын егу жоспарланып отыр.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНОМАСТИКА КОМИССИЯСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ ТЫҢДАЛДЫ

Түркістанда «Ұлттық ономастика: Ізденіс пен тәжірибе» республикалық семинар өтіп жатыр. Маңызды жиынға келген тіл жанашырлары мен қоғам қайраткерлерін Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды арнайы қабылдап, ұсыныстарын, пікірлерін тыңдады.

— Тарихи Түркістанға қош келдіңіздер! Былтыр киелі өңірде Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ұлтымызды серпілтетін маңызды бастамалар көтеріп, міндеттер жүктеді. Осы құрылтайдың заңды жалғасындай, ономастикаға қатысты семинардың шаһарымызда өтіп жатқанына қуанышты-мын. Ономастика — өте маңызды сала. Нысандар мен көшелерге ат беруде бірізділік және жүйе қажет. Жекеменшік нысандар мен мектептерге ат беруде де қадағалау болуы қажет деп есептеймін, — деді Дархан Сатыбалды.

Кездесуде академик С.Негимов: «Түркістан облысы құрылғанда қуанбаған қазақ жоқ. Бұл — қазақтың шежірелі, аяулы мекені. Сансыз бабтар, қайраткерлер шыққан өңір. Шаһарға келе жатқанда бір ауылға Мәшһүр Жүсіптің аты берілгенін көріп, қуанып қалдым. Сол ұлы тұлғаның еңбектерінде Түркістан өңірі туралы мәліметтер айтылған. Республикалық семинарда жер, су атауларын талқылаймыз. Келелі ойлар айтылады. Ел үшін берері мол жиынды қабылдап отырған Түркістан өңіріндегі ағайынға алғысымды білдіремін», деді.

Қоғам қайраткері Дархан Мыңбай, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын Жанарбек Әшімжан ономастика саласы туралы ой қозғап, пікірлерін айтты. ңірдегі оң өзгерістерді атап өтіп, ел азаматтарының жұмысына сәттілік тіледі. Түркістан төріндегі семинардың маңызды екеніне тоқталып, бұл іс-шараның шежірелі шаһарда өтуінің мәні зор екенін жеткізді.

«ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР»

Оның отты жырлары бізге жігер берді. з өлеңдерінде дәуір келбетін кескіндей білді. Шығармашылықтың адамына сай биязы мінезімен баурай білді. Қазығұрт пен Қаратаудай қасиетті, киелі мекендердің ортасындағы тұнық бұлақты тел еміп өсті. Асып-таспады. Адалдықтың ақ жолынан айнымады. Досқа адал болды. Бұл Әбілда Аймақ еді.

Көзі тірі болғанда ақтаңгер ақын биыл 70 жасқа толар еді. Ақынның мерейтойына орай Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы «Жырыммен жұбатқым келеді» поэзия апталығын ұйымдастырды. Жеті күндік шараның әрбір күні белгілі бір тақырыпқа арналды.

Апталықтың алғашқы күні « леңмаган гашықау, мен өлеңге» атты тақырыппен туған жері Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылынан басталды.

Ордабасы ауданында, Қ. Бектаев жалпы орта мектебінде ауданның Құрметті азаматы, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Құрмет орденінің иегері, Халықаралық Физули атындағы сыйлықтың лауреаты, ақын Әбілда Аймақтың еске алу кеші өтті.

Облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен шарага Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Журналистер одағының мүшесі, сазгер, ғалым Бекжігіт Сердәлі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның «Құрметті азаматы», «Ажар» сыйлығының лауреаты Роза Нарымбетова, Түркістан облыстық Жазушылар одағының төрағасы, ақын Айдар Сейдазым, 2023 жылдың үздік жас тілшісі, журналист ақын Бауыржан Ерман қатысты.

Шара барысында әуезді ән шырқалып, мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін оқыды. Кеш соңында шарага белсене қатысқан оқушыларга кітапхана директоры Жанат Шардарбекова атынан алғыс хат табысталды.

Поэзия көңілді нұрландырып, көкке көтереді, жабырқаған жүрекке жылу мен жұбату орнатады, биікке самғатып, қалықтады. Бүгін өлең өлкесінде өз орны орасан тұрақ тапқан ақынның шығармашылығына арналған ауқымды кезекті шара «Сезімім тербелді өлеңменен» атты тақырыппен жалғасын тапты. 9-сәуір күні өткен шарада ақ жауын ақынның шығармашылығы насихатталып, оқушылар арасында өлең оқудан сайыс өтті.

Апталықтың үшінші күні « зіңе арнап жыр жаздым» тақырыбымен Түркістан қаласындағы «Қуаныш» сауда үйі, «Жанұя» орталығы, «Конгресс холл» көпсалалы кешеніне «Фараб» кітапханасынан поэзиялық керуен кітапхананың жылжымалы пункттерімен тұрғындарға ақынның жыр жинақтары насихатталды. Поэзия керуенінде Түркістан көпсалалы және қолөнер колледжінің белсенді студенттері, «АКА» шығармашылық өнер орталығының оқушылары «Конгресс хол» көпсалалы кешеніне, «Жанұя» қамқорлық орталығына барып Әбілда Аймақтың шығармаларынан әдеби композияция ұсынылды.

11-сәуір « леңіммен өрнектейін» тақырына арналды. Бұл күні оқырмандар мен «Фараб» кітапханасының қызметкерлері арасында арнайы флешмоб ұйымдастырылып, қатысушылар автордың өлеңдерін оқыды

Ал апталықтың соңғы күні белсенді оқырмандар және ақындардың қатысуымен еске алу кешмен қорытындыланды.

Әбілда Аймақ 1954 жылы 12 сәуірде Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылында дүниеге келген. Ордабасы ауданының құрметті азаматы 1990 жылы Қ.Ясауи атындағы Шымкент педагогикалық институтының филологиялық факультетін тәмамдаған. 1972 -1981 жылдары аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі, 1981 — 90 жылдары Шымкенттегі «Шымкентқұрылыс» трестінде қарасты мекемеде тас қалаушы, 1990 — 93 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы облыс бөлімшесінде түрлі қызметтер атқарған. 1993 жылдан осы бөлімшенің директоры қызметтерін атқарады. Жырлары 1972 жылдан баспасөзде жарияланып келеді. 1984 жылы жас ақындардың «Қарлығаш» атты дәстүрлі жыр жинағына бір топ өлеңдері енді. 2015 жылы 14 маусымда аяқ астынан дүниеден озды.

Күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 153 жыл. Ордабасы ауданы Темірлан елді мекеніндегі «Қажымұқан атындағы облыстық спорт музейінде» күрестен тұңғыш әлем чемпионын еске алу шарасы өтті.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы кәсіби күрес шебері. Қазақтың маңдайына біткен ұлы тұлғаны ұлықтау бүгінде еліміздің барлық аймағында ұйымдастырылуда. Қазақтан шыққан тұңғыш кәсіпқой палуан әлемнің бірнеше дүркін чемпионы атанды. Көзі тірісінде аңыз адамға айналған батыр бабамыз 54 елде белдесіп, 48 медаль олжалаған. Боз кілемнің үстінде жауырыны жерге тимеген қазақ палуаны орасан зор күшімен дүниежүзін тәнті етті. Бүгінде егеменді елдің білекті жастары баба жетістіктерін қайталауға тырысып бағуда. Ал, бұл іске Ордабасы ауданы азаматтары үлкен үлес қосуда. йткені аудан азаматтарының қолдауымен ашылған балуанның атында мұражай бар. Онда Мұқанның 153 жылдығына орай мерекелік еске алу шарасы өтті. Жиын аудан әкімі Азат Оралбаевтың алғы сөзімен басталды.

- Жыл сайын осы бабамыздың атында әлем деңгейінде көптеген спорттық шаралар өтеді. Соңғы кездері мұндай ауқымды шара облыс орталығы Түркістанда өткізіліп келеді. Тек биыл Ордабасы ауданының құрылғанына 60 жылдығына орай бірқатар шаралар өткізу жоспарланған. Бүгін батыр бабамыздың туған күнін атап отырсақ, ауданның мерейтойына орай байрақты бәсекені кең көлемде ауданымызда өтетін болды. Қазіргі таңда ауданда үш үлкен мәдени — спорт кешені салынуда. Оның бірі 250 орындық спорт кешені Темірлан елдімекенінің шығыс бөлігінде бой көтеруде. 2024 жылдың мамыр айында кешен пайдалануға беріледі деп көзделуде. Міне, сол кешеннің ашылуына орай жоғары Қажымұқан бабамыздың атында турнир өткізу ойда бар, - деді Ордабасы ауданының әкімі Азат Оралбаев.

Шара барысында Мұқанның өмірінен көріністер қойылып, патриоттық әндер айтылды. Ұлы тұлғамызды ұлықтауға ат салысып жүрген бірқатар азаматтарымызға кәде сыйлар мен Мұқанның бейнесіндегі мүсіндер табысталды. Сондай ақ, мерекелік еске алу шарасына арнайы шақырылған Түркістан облысы мәслихатының депутаты Дулат Назарбекұлы сөз сөйлеп, мұражайдағы бірқатар мәселелерге де тоқталды.

- Қай мемлекетке барсам да қазақтың ізін іздеймін. Ішінде Қажымұқан бабамыздың ізін іздеймін. Бірде мен Киевке келдім. Атамыз Киевтегі циркте күрескен деген дерек бар. Сондықтан циркке бардым. Дегенмен, согыс кезінде ол күрескен цирк талқандалып орнына жаңа цирк тұрғызылған екен.

Содан кейін Түркияға бардым. Естуімізше, балуан бабамыз түрік балуанын жеңіп қажы атанған екен. Сол деректің ізімен белдескен түріктің балуанын іздеген болатынбыз бірақ ол да дүниеден өткен екен. Бүгінде батыр бабамыз жайлы кітап жазгнда көбіне тың деректерді таба бермейміз. Мұхит асып жер шарын шарлап белдескен батыр бабамызды тыңнан зерттеп, күрестерін толықтыратын уақыт келген сияқты. Бұл жұмыс тікелей осы мұражай қызметкерлеріне артылар жүк болып отыр. Мына музей тек Қажымұқанға байланысты

Қ.Мұңайтпасұлының туғанына 153 жыл

АҢЫЗ АДАМ - ҚАЖЫМҰҚАН

